



ХҒТАР 15.21.41
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-152-3-93-111>

Жоғары оқу орындарында білім алушылардың емтихандық сессия кезіндегі мазасыздығының психологиялық ерекшеліктері

Э.А. Аликанова^{*1}, З.К. Чункурова², Н.М. Шефер³, Е.Т. Катанова⁴

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан

^{2,3,4}Қазақстан-Американдық еркін университетінің, Өскемен, Қазақстан

(E-mail: ¹elvira_pip@mail.ru, ²shonova_zarina@mail.ru, ³Nadezhda090@mail.ru,
⁴liza.katanova.1986@mail.ru)

(Хат-хабар үшін автор: ²shonova_zarina@mail.ru)

Андатпа. Мақалада жоғары оқу орындарында білім алушылардың емтихандық сессия кезіндегі психологиялық мазасыздығының ерекшеліктері қарастырылған. Ол үшін зерттеу мәселесі бойынша ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиеттер арасындағы сан салалы бағыттарға теориялық талдау жүргізілді.

Зерттеу барысында емтихандық сессия кезіндегі мазасыздықтың психологиялық, диагностикалық әдістемелер кешеніне сәйкес зерттелінушілерге жүргізілген үрдістер де кеңінен сөз етілді. Білім алушылардың мазасыздығын зерттеу барысында Ч. Спилбергер мен Ю. Ханиннің «Мазасыздықты анықтау» әдістемесі және Г. Айзенктің «Психикалық жағдайды өзіндік бағалау» әдістемелерін жүргізу арқылы өте жоғары, жоғары, орташа, төмен немесе өте төмен деңгейлерін алдық.

Сондай-ақ, тұлғалық немесе жағдайлық мазасыздықты анықтадық. Зерттеу жұмысына бірінші және төртінші курстың білім алушылары қатысты. Мақалада жоғары оқу орындарында білім алушылардың емтихандық сессия кезіндегі мазасыздығы жас ерекшелікке байланысты деген болжам дәлелденеді. Жағдайлық мазасыздықты қалыпты сипатта дамытуға ерекше септігін тигізген зерттеуші ғалымдардың көптеген зерттеу еңбектері мен түрлі шкала көрсеткіштері сурет, кесте арқылы зерттеу жұмысының бағыт - бағдары көрсетеді.

Зерттеу жұмысында Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан-Американдық еркін университетінің жас мөлшері бойынша 17-22 жас аралығындағы білім алушыларына талдау жүргізілді. Болжамдарға сәйкес, жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың емтихандық сессия кезіндегі мазасыздық деңгейлеріне байланысты тұжы-

Түсті: 16.06.2025; Жөнделді: 27.06.2025; Мақұлданды: 14.09.2025; Онлайн қолжетімді: 29.09.2025

*хат-хабар үшін автор

рымдама жасалған. Мақала зерттеу тақырыбы аясында теориялық және эксперименталды тұрғыда талданады.

Түйін сөздер: жоғары оқу орны, білім алушылар, емтихандық сессия, психологиялық әдістеме, мазасыздық, жағдайлық мазасыздық, тұлғалық мазасыздық, диагностикалық әдістемелер.

Кіріспе

Қазіргі уақытта білім алушылардың әртүрлі эмоциялық ерекшеліктерін зерттеу өте өзекті мәселе болып табылады. Эмоционалды аймақтың дамуы білім алушылар тұлғасының толыққанды қалыптасуына ықпал жасайды. Нақтырақ айтқанда, талапкер өміріндегі жаңа өзгерістер, санасындағы түрлі жағдаяттар психологиялық маңыздылыққа алып келеді.

Жоғары оқу орнына қадам басқан әр талапкердің жеке қабілеті мен мүмкіндіктері қызықты кезеңге үмітін жалғап, толыққанды өмірге деген сенімін нығайтады. Сондай-ақ екінші және үшінші курстар арасында жоғарғы оқу орны, мамандығы, болашақ кәсібі туралы маңызды сұрақтардың кездесуі де жиі байқалады.

Білім алушылардың табысты іс-әрекетіне қолайлы жағдай жасалу үшін ішкі дискомфорт пен қоршаған орта қайшылығын алдын ала сезуді қамтамасыз ету қажет. Бұл білім алушылардың алғашқы күннен бастап білім алуға деген ұмтылуы, жеке тұлға ретінде қалыптасуы және ішкі позициясының өзгеруі психологиялық ерекшеліктеріне қарай бағытталады. Ішкі позиция - талапкерді оқуға ынталандырады. Алғаш оқу орына келген бойжеткен, бозбала енді алдында үлкен міндеттемелердің бар екенін сезіне бастайды. Осы кезеңдерде олардың бойынан мазасыздық сезімі пайда болады.

Мазасыздық – қорқыныш сезімін эмоционалды түрде сезіну. Білім алушы тұлғасының қалыптасуындағы іс-әрекет белсенділігінің төмендеуі, эмоционалды күйзелуі мен мазасыздықтың күшейуі нәтижесінде тұйық шеңбер пайда болады (Andreeva et al., 2016).

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысымыздағы көрсеткіштерге сүйенсек оның басты себебі, жоғары оқу орындарында білім алу барысында білім алушылар ауқымды деңгейдегі психикалық күйзелісті бастарынан өткізеді екен. Қалыпты сатыдағы білім алушылардың күнделікті өмірі: шығармашылыққа, жоғары адамгершілікке, идеялық талпыныстарға бай болуы қажет. Бұл қасиеттер семинар сабақтарына дайындалуға, баяндама жазуға, ғылыми жобалар орындауға, емтихан тапсыруға және қоғамдық жұмыстарға қатысып тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Қоғамдық белсенділік аясында түрлі ұйымдармен жұмыс жасаған білім алушының танымдық тәжірибесі де көбейері анық. Ал оқу үрдісіндегі сәтсіздіктердің болуы білім алушы санасындағы психологиялық ерік сапаларының қалыптаспауынан басталады. Зерттеу жұмысымызда арнайы әдістемелер бойынша әр

курс білім алушыларына арналған тұлғалық мазасыздықтың себептері, қиындықты жеңу тәсілдері мен талпынысты ояту ерекшеліктері түсіндірілген. Әсіресе, білім алушының өз-өзіне деген сенімі мен жетістікке жетудің барлық мүмкіндігі бар екендігін көрсеткен дұрыс. Бұл ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және психологиялық даму дағдысын шынықтырады. Білім алушылардың ерік сапалары оқуға деген іс-әрекетті дамытып, мазасыздықты төмендетеді. Сол себепті емтиханға дейін дайындық жоспарын құрып, ақпараттық материалдарды жинап, психологиялық дайындық жұмыстарын жасаса, білім алушылардың мазасыздық деңгейлерін төмендетуге жағдай жасауға болады.

Жоғарыда, айтылғандардан мәселелерді талдай келе, теориялық негіздеме мен практикалық тұжырымдардың жоқтығының арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу бізге зерттеу мәселесін айқындап, тақырыпты «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың емтихандық сессия кезіндегі мазасыздығының психологиялық ерекшеліктері» деп таңдауымызға негіз болды.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми психологиялық-педагогикалық және арнайы әдебиеттерге теориялық талдау жасалынды. Осыған байланысты эксперимент барысында жоғары оқу орындарында білім алушылардың емтихандық сессия кезіндегі мазасыздығының психологиялық ерекшеліктерін диагностика үшін зерттеу мақсаты және міндеттеріне сәйкес зерттелінушілерге жүргізілген келесі диагностикалық әдістемелер кешені тағайындалды:

1. Ч. Спилбергер мен Ю. Ханиннің «Мазасыздықты анықтау» әдістемесі (STAI, n.d.).
2. Г. Айзенктің «Психикалық жағдайды өзіндік бағалау» әдістемесі (Eysenck, n.d.).

Енді жоғарыда аталған әдістемелерді нақтырақ сипаттайық.

Бірінші зерттеу әдістемеміз мазасыздық деңгейін анықтауға бағытталған Ч. Спилбергер мен Ю. Ханиннің «Мазасыздықты анықтау» әдістемесін жүргізуді жөн көрдік. Енді Ч. Спилбергер мен Ю. Ханиннің әдістемесіне толығырақ тоқталайық.

Ч. Спилбергер бойынша мазасыздық дегеніміз – қорқыныш, мазасыздану, қауіптену сезімдерімен қатар жүретін жоғары эмоционалды қозудан тұратын, адамдарда жиі көрінетін ерекше эмоционалды жағдай. Мазасыздық адамдардың маңызды, тұрақты, персоналды қасиеті. Мазасыздықтың 2 түрі бар: тұлғалық және жағдайлық.

Тұлғалық мазасыздық дегеніміз – адамның «Мен» - іне, яғни өзін-өзі бағалауына, өз-өзіне деген қатынасына қауіп төндіретін, әртүрлі өмірлік ситуацияларға деген эмоционалды жағымсыз реакцияларын бейнелейтін, адам тұлғасының индивидуалды қасиеті. Тұлғалық мазасыздық – адамның әлеуметтік ситуацияларға жоғары мазасыздықпен қарау бейімділігі.

Жағдайлық мазасыздық – белгілі өмірлік ситуацияларда ғана тұрақты болатын, уақытша мазасыздану күйі. Бұл күй белгілі бір ситуацияға қатысты эмоционалды және мінездік реакциялар ретінде туындайды.

Ч. Спилбергер өңдеген әдістеме мазасыздықтың 2 түрін бағалауға мүмкіндік береді. Мұнда 2 шкала бар. Олардың әрбіреуі тұлғалық немесе жағдайлық мазасыздықты жеке бағалайды.

Зерттеуді бастамас бұрын зерттелушіге мынадай нұсқау беріледі: «Төменде келтірілген әрбір пікірді зейін сала оқып, сәйкес кестедегі белгілі бір санды сызыңыз. Көп ойланбаңыз себебі дұрыс және бұрыс деген жауаптар болмайды.

Сауалнама тексті 40 пікірден тұрады. Олардың 20 пікірі жағдайлық мазасыздық шкаласына жатса, 20 пікір тұлғалық мазасыздық шкаласына жатады. Зерттелуші сұрақтарға жауап беріп болған соң кілттің көмегімен баллдар саны есептеледі.

Сосын жалпы баллдар саны 20-ға бөлінеді. Қорытынды көрсеткіш зерттелушідегі мазасыздық түрінің даму деңгейінің индексі ретінде қарастырылады.

Соңғы нәтиже бойынша біз зерттелушінің мазасыздық деңгейінің өте жоғары, жоғары, орташа, төмен немесе өте төмен екендігін білеміз.

3,5-4 балл – өте жоғары мазасыздық;

3,0-3,4 балл – жоғары мазасыздық;

2,0-2,9 балл – орташа мазасыздық;

1,5-1,9 балл – төмен мазасыздық;

0-1,4 балл – өте төмен мазасыздық.

Зертеу жұмысында қолданылатын екінші әдістеме Г. Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» әдістемесі таңдалынып алынды. Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» әдістемесі негативті эмоциялық кейіптің деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Анығырақ сипаттасақ, олар:

1. Мазасыздық.

2. Фрустрация.

3. Агрессивтілік.

4. Ригидтілік.

Әдістеме негізінен төрт тарауға бөлінеді. Он сұрақтан тұратын әрбір тарау жоғарыда айтылған психикалық күйлерге сәйкес құрастырылған. Респонденттерге «Егер бұл күй сізге жиі тән болса, 2 балл, егер тек сирек болып тұратын болса, 1 балл, егер мүлдем сәйкеспесе, 0 балл қойыңыз» деген нұсқау беріледі. Нәтижені өңдеу процесінде әрбір сұрақтар топтамасының баллдар жиынын санаймыз.

Ол төмендегідей:

1-10 дейінгі сұрақ – мазасыздық;

11-20 дейінгі сұрақ – фрустрация;

21-30 дейінгі сұрақ – агрессивтілік;

31-40 дейінгі сұрақ – ригидтілік.

Нәтижелер және оларды талдау

Жоғары оқу орындарында білім алушылардың емтихандық сессия кезіндегі мазасыздығының психологиялық ерекшеліктерін зерттеу Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан-Американдық еркін университетінің бірінші және төртінші курс білім алушылары қатысты. Жас мөлшері бойынша 17-22 жас аралығындағы білім алушыларға жүргізілді. Зерттеуге 60 білім алушы қатысты. Нәтижелерді сипаттау барысында 1 топ бірінші курс білім алушылары, ал 2 топ төртінші курс білім алушылары болады.

Енді осы әдістемелер нәтижесінде алынған эксперименталды зерттеу көрсеткіштеріне сандық-сапалық талдау жасайық.

Зерттеу болжамына сәйкес, біз жоғары оқу орындарында білім алушылардың емтихандық сессия кезіндегі мазасыздық деңгейлері жасерекшелікке байланысты болады деп тұжырымдама жасадық. Осы бөлімімізде осы болжамымызды дәлелдеуге тырысайық. Енді осы жүргізілген әдістемелердің нәтижелеріне толығымен талдауға көшейік.


Бірінші жүргізілген әдістемеміз Ч. Спилбергер мен Ю. Ханниннің «Мазасыздықта анықтау» әдістемесі.

Ч. Спилбергер өңдеген әдістеме мазасыздықтың 2 түрін бағалауға мүмкіндік береді. Мұнда 2 шкала бар. Олардың әрбіреуі тұлғалық немесе жағдайлық мазасыздықты жеке-жеке бағалайды.

Зерттеу барысында қолданылған әдістеменің нәтижесі келесідей: бірінші курс білім алушыларында жағдайлық мазасыздық деңгейі 36%-да өте жоғары деңгейді, 39%-да жоғары деңгейді, 20%-да орташа мазасыздықты, 5%-да төмен мазасыздықты көрсетті. Өте төмен мазасыздық деңгейі кездескен жоқ. Жағдайлық мазасыздық шкала көрсеткіші өте жоғары, жоғары және орташа деңгейі айқын көрінеді. Төмен деңгейі кездеспейді, олай болатын болса, бірінші курс білім алушыларында жағдайлық мазасыздығы жоғары. Бірінші курс білім алушылары белгілі өмірлік ситуацияларда ғана тұрақты болатын, уақытша мазасыздану күйі жоғары болып келеді. Бұл күй белгілі бір ситуацияға қатысты эмоционалды және мінездік реакциялар ретінде туындайды. Яғни, мазасыздық деңгейі неғұрлым жоғары болса, адамдармен қарым-қатынас жасау ерекшелігі ситуацияға байланысты әртүрлі реакциялар туындайды және ол тікелей ситуацияға байланысты болып келеді. Көріп отырғанымыздай, бірінші курс білім алушылары үшін жағдайлық мазасыздық емтихан сессиясымен байланысты болып отыр.

Ал төртінші курс білім алушылары үшін жағдайлық мазасыздық деңгейі 10%-да өте жоғары деңгейді, 15%-да жоғары деңгейді, 20%-да орташа мазасыздықты, 30%-да төмен, 25%-өте төмен мазасыздықты көрсетті. Жоғары курстың білім алушыларында төмен жағдайлық мазасыздық орын алды. Себебі олар үшін емтихандық сессия қалыпты жағдайға айналған. Өйткені төртінші курс білім алушылары емтиханның жүргізілу ережесіне және талаптарына үйреніп кеткен.

Екі топтың алынған нәтиже көрсеткіштерін салыстырмалы түрде төмендегі суреттен көре аламыз (сурет 1):



ОХ-жағдайлық мазасыздықты бағалау деңгейі бойынша көрсеткіштер: 1-өте жоғары, 2-жоғары, 3-орташа, 4-төмен, 5-өте төмен.


ОУ-проценттік қатынас.

Сурет 1. 1 және 2 топтың жағдайлық мазасыздық шкаласы бойынша салыстырмалы нәтиже көрсеткіштері

Ендігі кезекте осы екі топтан алынған нәтиже көрсеткіштерін салыстырмалы талдайтын болсақ. Бірінші курс білім алушыларында төртінші курс білім алушыларынан қарағанда жағдайлық мазасыздық жоғары нәтиже берді. Себебі бірінші курс білім алушылары үшін 2023 жылы желтоқсанда болған емтихандық сессия олардың бірінші емтихан тапсыруымен сәйкес келеді. Бірінші курс білім алушылары үшін барлық емтихандық ережелер мен талаптар жаңа жағдайда берілген. Сонымен қатар емтихандық сессияны қабылдайтын оқытушылардың психологиясында жетік меңгермегендіктен мазасыздық деңгейі жоғары болып отыр.

Енді жоғарыда аталған бірінші курс білім алушыларының тұлғалық мазасыздығы қарастырсақ, бұл шкаланың көмегімен төмендегідей мәліметтер алынды: бірінші курс білім алушыларының 35%-ның мазасыздық деңгейі өте жоғары, 45%-ында мазасыздық деңгейі жоғары, 12%-да орташа мазасыздық деңгейі, ал қалған 8%-да мазасыздық деңгейі төмен екен. Жоғарыдағыдай өте төмен мазасыздық деңгейі кездескен жоқ. Көріп отырғанымыздай, тұлғалық мазасыздық деңгейі жоғары деңгейді құрайды. Адамның «Мен» - іне, яғни өзін - өзі бағалауына, өз-өзіне деген қатынасына қауіп төндіретін, әртүрлі өмірлік ситуацияларға деген эмоционалды жағымсыз реакцияларын

бейнелейтін, адам тұлғасының индивидуалды қасиеті айқын көрсетілген. Адамның әлеуметтік ситуацияларға жоғары мазасыздықпен қарау бейімділігі жоғары. Олай болатын болса, бірінші курс білім алушыларының индивидуалды қасиеттерін айқын көрсете білетін, әртүрлі ситуацияға байланысты эмоциялық күйлердің туындайтыны белгілі. Сондай-ақ бірінші курс білім алушылары көптеп кездесетін мінез-құлық ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Әдістеме бойынша бірінші курс білім алушыларының тұлғалық мазасыздықтары да басым болып отыр. Ал төртінші курс білім алушыларының нәтиже көрсеткіштері 5% мазасыздық деңгейі өте жоғары, 15%-ында мазасыздық деңгейі жоғары, 30%-да орташа мазасыздық деңгейі, 32%-да мазасыздық деңгейі төмен, ал қалған 18%-да мазасыздықтың өте төмен деңгейін көрсетті. Жалпылама талдау жасайтын болсақ, төртінші курс білім алушылары үшін орташа және төмен тұлғалық мазасыздық орын алды. Осы мәліметтер төмендегі суретте көрсетіледі (сурет 2):




ОХ-жағдайлық мазасыздықты бағалау деңгейі бойынша көрсеткіштер: 1-өте жоғары, 2-жоғары, 3-орташа, 4-төмен, 5-өте төмен.

ОУ-проценттік қатынас.

Сурет 2. 1 және 2 топтың тұлғалық мазасыздық шкаласы бойынша салыстырмалы нәтиже көрсеткіштері

Ч. Спилбергер мен Ю. Ханиннің «Мазасыздықта анықтау» әдістемесі бойынша бірінші курс білім алушылары жағдайлық және тұлғалық мазасыздықтары жоғары деңгейде орын алды. Әсіресе тұлғалық мазасыздық басымырақ болды. Себебі бірінші курс білім алушыларында емтихандық сессия кезінде өз – өзін бағалау, өз-өзіне деген қатынасына қауіп төндіретіндігін айқын сезе бастады. Студенттер жағымсыз эмоционалды реакциялар мен қорқыныш сезімдері байқалды. Ал жағдайлық мазасыздық та белгілі бір дәрежеде көрінді. Жалпылама алатын болсақ, бірінші курс білім алушыларының мазасыздық деңгейлері екі шкала да бойынша жоғары болып шықты. Ал төртінші курс білім алушыларында жағдайлық және тұлғалық мазасыздық төмен, орташа мазасыздық деңгейлерін көрсетті. Бұл топтың білім алушылары өз-өздеріне сенімді, өзіндік бағалаулары жоғары деуге болады. Олар үшін емтихандық сессия аса қорқыныш, үрей, мазасыздық тудырмайды. Осымен бірінші әдістеме бойынша нәтижелерді салыстырмалы талдау аяқталды. Белгілі бір нәтижеге қол жеткіздік.

Енді зерттеу жұмысымыздың маңызды аспектісі – келесі әдістемеміз Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» тесті бірінші және төртінші курс білім алушыларының мазасыздығын анықтау үшін өткізілді. Бұл әдістеме мазасыздық, фрустрация, агрессивтілік және ригидтілік шкалаларынан тұрғандықтан, олардың әрбір тобын бөлек-бөлек ұсынайық. Бірінші шкала мазасыздық шкаласы болып табылады. Осы шкала бойынша екі топтың салыстырмалы графигіне назар аударайық.



ОХ- мазасыздық шкаласы бойынша көрсеткіштер: 1- жоғары, 2- орташа, 3-төмен.


ОУ-проценттік қатынас.

Сурет 3. 1 және 2 топтың мазасыздық шкаласы бойынша салыстырмалы нәтиже көрсеткіштері

Бұл шкала бойынша бірінші курс білім алушыларының 20% мазасыздығы жеткілікті деңгейде төмен болып шықты. Ал 25%-ы орташа көрсеткішін көрсетті. Зерттелінушілердің қалғаны 55%-ды көрсеткіште мазасыздықтары жоғары болды. Аталған шкала бойынша жалпылама талдау жасайтын болсақ, Бірінші курс білім алушыларының мазасыздық деңгейлері жоғары деуге болады. Өйткені зерттелінушілердің көпшілігі өте жоғары мөлшерде мазасыздық шкаласына дауыс берген. 2 топтың яғни төртінші курс білім алушыларының мазасыздық шкаласы бойынша көрсеткіштері жоғары 25%, 30% орташа, 45% төмен көрсеткішті берді. Демек олар үшін мазасыздық төмен деңгейде екен. Көріп отырғанымыздай, бірінші курс білім алушыларының мазасыздық көрсеткіште жоғары пайызды көрсетті. Яғни бұл зерттелінушілер өздерінің психикалық күйлерін өзіндік бағалауда мазасыздық шкаласына аса жоғары пайызды беріп отыр. Десек те оларда мазасыздық жоғары деуге болады.

Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» әдістемесінің екінші шкаласы – фрустрация. Фрустрация шкаласы бойынша бірінші курс білім алушыларының 50% жоғары көрсеткішті көрсетті. Демек олар фрустрацияға жақын келеді. Өйткені оларда өзін-өзі бағалаулары жоғары емес, себебі олар емтихандық сессия кезінде сәтсіздікке ұшыраймыз деп санайды. Емтиханнан төмен баға алып қаламыз ба деген ой мазалайды. Осыған байланысты оларда жабығу сәттері орын алады. Келесі 20% да фрустрация төмен болып шықты. Яғни кейбір білім алушыларда өзін-өзі бағалаулары жоғары, қиындықтарды жеңуге тырысады, сәтсіздіктерден қорықпайды. Зерттелінушілердің біраз бөлігінде, дәлірек айтсақ, 30%-ында фрустрация орташа деңгейде екендігі анықталды. Толығырақ сипаттама берсек, бірінші курс білім алушыларының өздерін бағалаулары орташа болғандықтан, оларда өздеріне деген сенімдіктің бар екендігі анықталады. Өзіне деген сенімділік кез келген мәселені оңтайлы жүзеге асыруға көмектеседі. Бірақ зерттеуге қатысқан зерттелінушілердің ішінде фрустрацияға бейім де респонденттер жоғары пайызды көрсетті. Дегенмен олар өз мақсаттарына жете алмағандықтан фрустрацияға түсіп оны жеңе алмайды. Фрустрация – тұрақты, жағымсыз эмоциялық күйге душар ететін, шектен асқан қанағаттанбаушылық фрустрацияның, яғни сана мен әрекеттің бұзылуының негізі болады. Фрустрацияға көбіне эмоцияға берілгіш, қызба, тежейтін, сабырландыратын реакциялары дамымаған, «өмір тартысында» шынықпаған, сәтсіздік, қиыншылыққа даярлығы жоқ, күші жөнді жетілмеген, ерік-жігері нашар адамдар ұшырайды. Фрустрация кезінде адам өте күшті нервтік-психикалық күйзеліске түседі. Ол әбден өкіну, ызалану, жабырқау, айналадағыға мүлдем селқос қарау, өзін-өзі жазғыру түрінде көрінеді. Фрустрацияның өту еріктілігі шиеленіскен жағдайдың шешілуіне байланысты. Фрустрацияның әлсіреуі, тыным табуы немесе күшеюі мүмкін. Егер шиеленіс шешім таппаса, онда фрустрация басқа кереғар жағдайда болады.

Ал төртінші курс білім алушылары үшін фрустрация шкаласы 15% жоғары, 25% орташа, 60% төмен болып шықты. Зерттеу нәтижесі бойынша фрустрация берілу төмен болды. Себебі 2 топтың білім алушылары емтиханнан алған бағаларына өкініп, сессиядағы қиыншылықтарға төтеп беріп, эмоцияға берілмейді. Осы алынған мәліметтерді дәлірек көру үшін төменде берілген графикке назар аударайық.




ОХ- фрустрация шкаласы бойынша көрсеткіштер: 1- жоғары, 2- орташа, 3-төмен.

ОУ-проценттік қатынас.

Сурет 4. 1 және 2 топтың фрустрация шкаласы бойынша салыстырмалы нәтиже көрсеткіштері

Ал келесі негативті эмоцияның бір түрі агрессия шкаласы бойынша бірінші курс білім алушыларының 25% төмен, 30% орташа және 45% жоғары болып шықты. Яғни зерттеуге қатысқан топтың 25% агрессивті емес, ұстамды болып келді. Зерттелінушілермен қарым-қатынас жасауда қиындықтар кездеспейді. Бірінші курс білім алушыларының 30%-ында агрессивтіліктің орташа деңгейі анықталды. Ал зерттелінушілердің 45% жоғары деңгейдегі агрессияны көрсетті. Бұл көрсеткіш жоғары болып отыр. Демек бұл көрсеткішті көрсеткен зерттелінушілер ұстамсыз және байсалды емес болып келеді. Жалпылама агрессивтілік шкаласы бойынша қорытынды жасасақ, зерттеуге қатысқан бірінші курс білім алушыларының агрессивтіліктері жоғары дәрежеде орын алды. Оны біз зерттеу нәтижесінен көріп отырмыз. Алайда бірінші курс білім алушыларының көп бөлігінде агрессивті мінез-құлық көрсету тән. Агрессивті мінез құлық басым болғандықтан ол басқа да психикалық күйлерге және басқа адамдардың эмоционалды жағдайларына әсер етеді. Агрессия басым болса, әрине ол зерттелінушілердің мазасыздығына да өз әсерін тигізеді. Егер адам агрессивті болса, әрине ол мазасыз, кез келген құбылыстарға жеңіл бейімделе алмайды. Эмоциялық процесте ең айқын көрінетін күй бұл – агрессия. Агрессия – жеке адамның басқа адамға, топқа зақым, зиян келтіруге бағытталған ниет, әрекет. Агрессивтілік – агрессияға дайындықты бейнелейтін жеке адам қасиеті.

2 топ зерттелінушілері 20% төмен, 55% орташа және 25% жоғары болып шықты. Көріп отырғанымыздай төртінші курс білім алушыларының агрессиялы мінез-құлық ерекшеліктері орташа деңгейде болды. Яғни бұл білім алушыларда сыртқы орта жағдайларына деген агрессия байқалды. Осы жоғарыда көрсетілген агрессивтілік шка- ланың нәтиже көрсеткіштерін анығырақ төмендегі графиктен көруге болады.




ОХ- агрессивтілік шкаласы бойынша көрсеткіштер: 1- жоғары, 2- орташа, 3-төмен.
ОУ-проценттік қатынас.

Сурет 5. 1 және 2 топтың агрессивтілік шкаласы бойынша салыстырмалы нәтиже көрсеткіштері

Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» әдістемесінің соңғы шкаласы ригидтілік шкаласы бойынша талдау жасайық. Ригидтілік шкаласы бойынша бірінші курс білім алушылары жоғары 30%, орташа 35%, төмен 35% көрсеткішті көрсетті. Яғни зерттеуге қатысқан зерттелінушілердің ригидтілігі барлық деңгейлер бойынша орташа шамаға тең болды. Демек ригидтілік жоғары да емес, төмен де емес, орташа болып отыр. Ал төртінші курс білім алушыларында жоғары 28%, орташа 32%, төмен 40% көрсеткішті көрсетті. 2 топ үшін төмен және орташа ригидтікі басым деуге болады. Аталған екі топ емтихан кезінде болған қиыншылықтарға қарамастан оны жеңуге тырысады. Төртінші курс білім алушылары зейіндерін басқа нәрсеге аудара алады. Ал бірінші курс білім алушылары біраз болсын болған жағдайды ұмыта алмайды. Ригидтілік көп мөлшерде көрініс береді, қылығының, көзқарастарының тұрақтылығы байқалады.

Енді осы алынған нәтижелердің пайыздық қатынасын төмендегі графиктен көрейік.



ОХ- ригидтілік шкаласы бойынша көрсеткіштер: 1- жоғары, 2- орташа, 3-төмен.

ОУ-проценттік қатынас.

Сурет 6. 1 және 2 топтың ригидтілік шкаласы бойынша салыстырмалы нәтиже көрсеткіштері

Сонымен Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» әдістемесінің берілген мазасыздық, агрессивтілік, ригидтілік және фрустрация шкалалары бойынша жеке-жеке талдау жасалынып, сипаттама берілді. Алынған қорытынды нәтиже графиктерге бейнеленді. Енді осы әдістеме бойынша төрт шкаланы салыстырмалы түрде кесте түрінде көрсетейік.

Кесте 1

1 және 2 топтың Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» әдістемесі бойынша мазасыздық, агрессивтілік, ригидтілік және фрустрация шкалаларының салыстырмалы кестесі

№	Шкалалар	1 топ	2 топ	1 топ	2 топ	1 топ	2 топ
		Орташа деңгей		Төмен			
1	Мазасыздық	деңгей	25%	25%	30%	20%	45%
2	Фрустрация	50%	15%	30%	25%	20%	60%
3	Агрессивтілік	45%	25%	30%	55%	25%	20%
4	Ригидтілік	30%	28%	35%	32%	35%	40%

Жоғарыдағы кестеде Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» әдістемесі бойынша мазасыздық, агрессивтілік, ригидтілік және фрустрация шкалаларының

салыстырмалы пайыздық қатынасын көруге болады. Көріп отырғанымыздай, бірінші курс білім алушыларының мазасыздық, агрессивтілік және фрустрация шкалалары жоғары пайыздық қатынасты көрсетті. Бұл үш шкала да эмоционалды күйдегі қозуды анықтайды. Яғни зерттеуге қатысқан топтағы зерттелінушілердің көбісі мазасыз, өз агрессияларын ашық көрсетеді. Осы мазасыздығының әсері фрустрациялық жағдайларға әкеліп отыр. Ал ригидтілік шкаласы орташа шамада болды. Олар үшін ригидтілік аса маңызды емес. Көрсеткіштерді талдау негізінде бірінші курс білім алушыларының эмоциялық жағдайларын анықтадық. Ал төртінші курс білім алушылары үшін мазасыздық, фрустрация, ригидтілік шкалалары төмен көрсеткішті көрсетсе, агрессивтілік шкаласы орташа деңгейге ие болды. Төртінші курс білім алушыларында мазасыздық аса байқалмайды. Студенттер фрустрацияға берілмейді. Бірақ сыртқы орта жағдайларына деген агрессивтілік орташа деңгейде деуге болады.

Кесте 2

Жоғары оқу орындарында білім алушылардың емтихандық сессия кезіндегі мазасыздығының психологиялық ерекшеліктерін анықтау негізінде жүргізілген екі әдістеме бойынша алынған нәтижелер

	1 топ				2 топ			
	Ч. Спилбергер мен Ю. Ханиннің «Мазасыздықты анықтау» әдістемесі		Г. Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» әдістемесі		Ч. Спилбергер мен Ю. Ханиннің «Мазасыздықты анықтау» әдістемесі		Г. Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» әдістемесі	
	х	õ	х	Õ	Х	õ	Х	Õ
1 топ N = 30	27,3	1,6	27,1	3,3	1,8	0,8	6,2	1,6
2 топ N = 30	26,8	3,4	27,8	3,1	1,5	0,6	5,6	1,5
t – критерий (стьюдент)	3,5		3		3,3		3,2	
Ескерту: х – орта арифметикалық шама; õ – орта ауытқу; 1 топ – бірінші курс студенттері; 2 топ – төртінші курс студенттері; N – респонденттер саны								

Сонымен жоғары оқу орындарында білім алушылардың емтихандық сессия кезіндегі мазасыздығының психологиялық ерекшеліктерін эксперименталды зерттеу барысында алынған нәтижелерге талдау жасау осымен аяқталды. Зерттеуде жүргізілген екі әдістеменің көмегімен зерттеу нәтижелері алынды.

Ч. Спилбергер мен Ю. Ханниннің «Мазасыздықта анықтау» әдістемесі бойынша бірінші курс білім алушылардың жағдайлық және тұлғалық мазасыздықтары жоғары деңгейде орын алды. Әсіресе тұлғалық мазасыздық басымырақ болды. Себебі бірінші курс білім алушыларында емтихандық сессия кезінде өз – өзін бағалау, өз-өзіне деген қатынасына қауіп төндіретіндігін айқын сезе бастады. Білім алушылар жағымсыз эмоционалды

реакциялар мен қорқыныш сезімдері байқалды. Ал жағдайлық мазасыздық та белгілі бір дәрежеде көрінді. Жалпылама алатын болсақ, бірінші курс білім алушыларының мазасыздық деңгейлері екі шкала да бойынша жоғары болып шықты. Ал төртінші курс білім алушыларында ситуациялық және тұлғалық мазасыздық төмен, орташа мазасыздық деңгейлерін көрсетті. Бұл топтың білім алушылары өз-өздеріне сенімді, өзіндік бағалаулары жоғары деуге болады. Олар үшін емихандық сессия аса қорқыныш, үрей, мазасыздық тудырмайды. Осымен бірінші әдістеме бойынша нәтижелерді салыстырмалы талдау аяқталды. Белгілі бір нәтижеге қол жеткіздік.

Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» әдістемесі бойынша мазасыздық, агрессивтілік, ригидтілік және фрустрация шкалаларының салыстырмалы пайыздық қатынасын анықтадық. Көріп отырғанымыздай, бірінші курс білім алушыларының мазасыздық, агрессивтілік және фрустрация шкалалары жоғары пайыздық қатынасты көрсетті. Бұл үш шкала да эмоционалды күйдегі қозуды анықтайды. Яғни зерттеуге қатысқан топтағы зерттелінушілердің көбісі мазасыз, өз агрессияларын ашық көрсетеді. Осы мазасыздығының әсері фрустрациялық жағдайларға әкеліп отыр. Ал ригидтілік шкаласы орташа шамада болды. Олар үшін ригидтілік аса маңызды емес. Көрсеткіштерді талдау негізінде бірінші курс білім алушыларының эмоциялық жағдайларын анықтадық. Ал төртінші курс білім алушылары үшін мазасыздық, фрустрация, ригидтілік шкалалары төмен көрсеткішті көрсетсе, агрессивтілік шкаласы орташа деңгейге ие болды. Төртінші курс білім алушыларында мазасыздық аса байқалмайды. Білім алушылар фрустрацияға берілмейді. Бірақ сыртқы орта жағдайларына деген агрессивтілік орташа деңгейде деуге болады.

Қорытынды

Сонымен қорытындылай келе, сессияның ұзақтығы екі-үш аптаға созылады, ол белгілі жағдайларды емтихан алдындағы мазасыздықтың пайда болуына жеткілікті, оның құрамына ұйқының бұзылуы, жоғары үрейлену, қан қысымының тұрақты жоғарылауы және басқада көрсеткіштер кіреді. Шартты-рефлекторлы жолмен осы жайсыз белгілердің барлығы оқыту процессінің өзімен байланысты бола алады, алдыңғы уақытта емтиханнан қорқуды, оқуға зауқымының болмауын, өз күшіне сенбеушілікті шақыруы мүмкін.

Сол себепті біз зерттеу жұмысымызды осы тақырыпқа арнадық. Және осыған байланысты зерттеу нәтижелерін алдық.

Біздің зерттеу жұмысымызда қолданылған стандартты психодиагностикалық әдістемелердің кешеніне келесілер кірді: Ч. Спилбергер мен Ю. Ханиннің «Мазасыздықты анықтау» әдістемесі; Г. Айзенктің «Психикалық жағдайды өзіндік бағалау» әдістемесі болып табылады.

Қолданылған әдістемелер зерттеудің алдына қойылған міндеттеріне сәйкес және зерттелінушілердің психикалық ерекшеліктерінің көрінуінде сыртқы және ішкі компоненттерді анықтады.

Жүргізілген әдістемелердің қорытындысы төмендегідей:

Ч. Спилбергер мен Ю. Ханниннің «Мазасыздықта анықтау» әдістемесі бойынша бірінші курс білім алушылары жағдайлық және тұлғалық мазасыздықтары жоғары деңгейде орын алды. Әсіресе тұлғалық мазасыздық басымырақ болды. Себебі бірінші курс білім алушыларында емтихандық сессия кезінде өз – өзін бағалау, өз-өзіне деген қатынасына қауіп төндіретіндігін айқын сезе бастады. Ал төртінші курс білім алушыларында жағдайлық және тұлғалық мазасыздық төмен, орташа мазасыздық деңгейлерін көрсетті. Бұл топтың білім алушылары өз-өздеріне сенімді, өзіндік бағалаулары жоғары деуге болады. Олар үшін емтихандық сессия аса қорқыныш, үрей, мазасыздық тудырмайды.

Айзенктің «Психикалық күйлерді өзіндік бағалау» әдістемесі бойынша мазасыздық, агрессивтілік, ригидтілік және фрустрация шкалаларының салыстырмалы пайыздық қатынасын анықтадық. Көріп отырғанымыздай, бірінші курс білім алушыларының мазасыздық, агрессивтілік және фрустрация шкалалары жоғары пайыздық қатынасты көрсетті. Бұл үш шкала да эмоционалды күйдегі қозуды анықтайды. Ал төртінші курс білім алушылары үшін мазасыздық, фрустрация, ригидтілік шкалалары төмен көрсеткішті көрсетсе, агрессивтілік шкаласы орташа деңгейге ие болды. Төртінші курс білім алушыларының мазасыздық аса байқалмайды. Студенттер фрустрацияға берілмейді. Бірақ сыртқы орта жағдайларына деген агрессивтілік орташа деңгейде деуге болады.

Көрсетіліп тұрған нәтижелер бойынша біз келесі қорытындыға келдік, төртінші курс білім алушыларына қарағанда бірінші курс білім алушыларының мазасыздық деңгейі жоғары деуге болады. Қарастырған қорытындыны талдай отырып, біздің ойымызша зерттеудің алдына қойылған жоғары оқу орындарында білім алушылардың емтихандық сессия кезіндегі мазасыздық деңгейлері жасерекшелікке байланысты болады деген болжамы дәлелденді. Сонымен зерттеу жұмысымыз теориялық және эксперименталды тұрғыдан талданды. Болашақта өз жалғасын табады деген ойдамыз.

Авторлардың қосқан үлесі

Э.А. Аликанова – мәселені қою, сыни талдау, деректерді талдау, шолу жазу идеясы, зерттеуді интерпретациялау және математикалық талдау жасау.

З.К. Чункурова – нәтижелерді кесте және графика түріндегі көрінісін құрастыру.

Н.М. Шефер – статистикалық деректерді жинақтау.

Е.Т. Катанова – әдебиеттерге шолу.

Авторлар мақала мәтінін жазуға және өңдеуге бірлесіп қатысты. Барлық қатысушылар кіріспе, бөлімдер, қорытынды және аннотацияны қоса алғанда, мақаланың негізгі мәтінін жазуға белсенді үлес қосты. Мақаланың жариялау нұсқасын талқылау және түпкілікті мақұлдауды авторлар бірлесіп жүргізді. Мақаладағы ақпараттың мазмұны мен сенімділігі үшін жауапкершілік туралы келісімге қол қою да өзара орындалды. Әрбір автор осы аспектілерге тең үлес қосты, және де ғылыми мақаланы жазуға ықпал етті.

Әдебиеттер тізімі

1. Андреева Е.А., Соловьева С.А. (2016). Особенности проявления стресса у студентов во время сдачи экзаменационной сессии // АНИ: педагогика и психология. Т. 5. - № 1(14). С. 140—143.

2. Тест «Самооценка психических состояний» (по Айзенку) [Электрондық ресурс] - <https://onlinetestpad.com/ru/test/521-test-samoocenka-psikhicheskikh-sostoyanij-po-ajzenku>
3. Шкала тревоги Спилбергера-Ханина, STAI [Электрондық ресурс] - <https://psytests.org/anxiety/stai.html>
4. Астахова И.В. (2015). Страхи и фобии в структуре явлений «тревожного ряда» личности // Мир: Развитие. С. 115-117.
5. Захарчук Л.А. (2013). Социально-психологическая устойчивость студентов к основным стресс-факторам учебной деятельности // Вестник Ассоциации вузов туризма и сервиса. № 2. - С. 51-55.
6. Димитрова Е.А. (2023). Исследование учебного стресса обучающихся современных Российских вузов и меры его профилактики // Международный научно-исследовательский журнал. № 7 (133). – С. 1-7. [Электрондық ресурс] - <https://research-journal.org/archive/7-133-2023-july/10.23670/IRJ.2023.133.68> <https://doi.org/10.23670/IRJ.2023.133.68>
7. Атаманова Г.И. (2023). Особенности разработки адаптивных программ в вузе в условиях рыночной экономики с применением дистанционных технологий // Международный научно-исследовательский журнал. № 1(123). [Электрондық ресурс] - <https://research-journal.org/archive/7-133-2023-july/10.23670/IRJ.2023.133.68?ysclid=loir0bjnjf582417287DOI:10.23670/IRJ.2023.127.51>
8. Величковская С.Б. (2023). Особенности развития учебного стресса у студентов разных специальностей // Портал психологических изданий PsyJournals.ru [Электрондық ресурс] - https://psyjournals.ru/journals/exppsy/archive/2023_n2/selivanov_saunin_zhangDOI:10.17759/exppsy.2023160204

Э.А. Аликанова¹, З.К. Чункурова², Н.М. Шефер³, Е.Т. Катанова⁴

¹Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,

г. Усть-Каменогорск, Казахстан

^{2,3,4}Казахстанско-Американский свободный университет, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

Психологические особенности тревожности обучающихся в высших учебных заведениях во время экзаменационной сессии

Аннотация. В статье рассмотрены особенности психологической тревожности обучающихся высших учебных заведений во время экзаменационной сессии. С этой целью был проведен теоретический анализ научной психолого-педагогической литературы по проблеме исследования. В ходе исследования были также широко освещены тенденции, проводимые на исследуемых в соответствии с комплексом психологических, диагностических методик тревожности во время экзаменационной сессии. При изучении тревожности обучающихся мы получили очень высокий, высокий, средний, низкий или очень низкий уровень путем проведения методики «Выявление тревожности» Ч. Спилбергера и Ю. Ханина и методики «Самооценка психических состояний» Г. Айзенка. Мы также определили личностную или ситуативную тревогу. В исследовании приняли участие обучающиеся первого и четвертого курсов. В статье

доказано предположение, что тревожность студентов высших учебных заведений во время экзаменационной сессии обусловлена возрастными различиями.

Многочисленные исследования и различные масштабные показатели ученых-исследователей, внесших свой вклад в развитие ситуативной тревожности, в норме показывают направление исследовательской работы через рисунки и таблицы.

В исследовательской работе проведен анализ обучающихся в возрасте от 17 до 22 лет Казахстанско-Американского свободного университета, г. Усть-Каменогорск, Восточно-Казахстанская область. Согласно предположениям, разработана концепция, связанная с уровнями тревожности обучающихся в высших учебных заведениях во время экзаменационной сессии. Материал анализируется в теоретическом и экспериментальном контексте в рамках темы исследования.

Ключевые слова: высшее учебное заведение, обучающиеся, экзаменационная сессия, психологическая методика, тревожность, ситуативная тревожность, личностная тревожность, диагностические методики.

E.A. Alikanova¹, Z.K. Chunkurova², N.M. Shefer³, E.T. Katanova⁴

¹*Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

^{2,3,4}*Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

Psychological features of anxiety of students in higher educational institutions during the examination session

Abstract. The article examines the features of psychological anxiety of students of higher educational institutions during the examination session. For this purpose, a theoretical analysis of the scientific, psychological and pedagogical literature on the research problem was carried out. In the course of the study, the trends conducted on the subjects in accordance with the complex of psychological diagnostic methods of anxiety during the examination session were also widely highlighted. When studying the anxiety of students, we obtained a very high, high, medium, low or very low level by conducting the methodology "Anxiety detection" by C. Spielberger and Yu. Khanin and the methods of "Self-assessment of mental state" by G. Aizenka. We also identified personal or situational anxiety. The first- and fourth-year students took part in the study. The article proves the assumption that the anxiety of students of higher educational institutions during the examination session is due to age differences.

Numerous studies and various large-scale indicators of research scientists who have contributed to the development of situational anxiety normally show the direction of research work through figures and tables.

The research paper analyzes students aged 17 to 22 years of the Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, East Kazakhstan region. According to the assumptions, a concept has been developed related to the anxiety levels of students in higher education institutions during the examination session. The article is analyzed in a theoretical and experimental context within the framework of the research topic.

Keywords: higher education institution, students, examination session, psychological methodology, anxiety, situational anxiety, personal anxiety, diagnostic techniques.

References

1. Andreeva E.A., Solovyeva S.A. (2016). Osobennosti proyavleniya stressa u studentov vo vremya sdachi ekzamenatsionnoy sessii [Features of stress manifestation in students during examination period]. ANI: Pedagogika i psikhologiya. Vol. 5 – No. 1(14) – pp. 140–143
2. Test «Samootsenka psikhicheskikh sostoyaniy» (po Ayzenku) [Self-assessment of mental states test (by Eysenck)] [Electronic resource] – Available at: <https://onlinetestpad.com/ru/test/521-test-samootsenka-psikhicheskikh-sostoyaniy-po-ayzenku>
3. Shkala trevogi Spilbergera-Kanina, STAI [Spielberger-Khanin Anxiety Scale, STAI] [Electronic resource] – Available at: <https://psytests.org/anxiety/stai.html>
4. Astakhova I.V. (2015). Strakhi i fobii v strukture yaveniy «trevozhnogo ryada» lichnosti [Fears and phobias in the structure of "anxiety-related" personality phenomena]. Mir: Razvitie.– pp. 115–117
5. Zakharchuk L.A. (2013). Sotsialno-psikhologicheskaya ustoychivost studentov k osnovnym stress-faktoram uchebnoy deyatel'nosti [Socio-psychological resilience of students to main stress factors of academic activity]. Vestnik Assotsiatsii vuzov turizma i servisa. No. 2 – pp. 51–55
6. Dimitrova E.A. (2023). Issledovanie uchebnogo stressa obuchayushchikhsya sovremennykh Rossiyskikh vuzov i mery ego profilaktiki [Study of academic stress of students of modern Russian universities and its prevention measures]. Mezhdunarodnyy nauchno-issledovatel'skiy zhurnal. No. 7 (133) – pp. 1–7. [Electronic resource] – Available at: <https://research-journal.org/archive/7-133-2023-july/10.23670/IRJ.2023.133.68> <https://doi.org/10.23670/IRJ.2023.133.68>
7. Atamanova G.I. (2023). Osobennosti razrabotki adaptivnykh programm v vuze v usloviyakh rynochnoy ekonomiki s primeneniem distantsionnykh tekhnologiy [Features of development of adaptive programs in university in conditions of market economy using distance technologies]. Mezhdunarodnyy nauchno-issledovatel'skiy zhurnal– No. 1 (123). [Electronic resource] – Available at: <https://research-journal.org/archive/7-133-2023-july/10.23670/IRJ.2023.133.68?ysclid=loir0bjnjf582417287> DOI: 10.23670/IRJ.2023.127.51
8. Velichkovskaya S.B. (2023). Osobennosti razvitiya uchebnogo stressa u studentov raznykh spetsialnostey [Features of development of academic stress in students of different specialties]. Portal psikhologicheskikh izdaniy PsyJournals.ru [Electronic resource] – Available at: https://psyjournals.ru/journals/exppsy/archive/2023_n2/selivanov_saunin_zhang DOI:10.17759/exppsy.2023160204

Авторлар туралы мәліметтер:

Аликанова Э.А. – магистр, сениор-лектор, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, 30 Гвардиялық Дивизия 34/1 көшесі, Өскемен қ., Қазақстан. elvira_pir@mail.ru

Чункурова З.К. – хат-хабар үшін автор, магистр, аға оқытушы, Қазақстан-Американдық еркін университеті, Максим Горький 76 көшесі, Өскемен қ., Қазақстан. shonova_zarina@mail.ru

Шеффер Н.М. – п.ғ.к., профессор, Қазақстан-Американдық еркін университеті, Максим Горький 76 көшесі, Өскемен қ., Қазақстан. Nadezhda090@mail.ru

Катанова Е.Т. – магистр, аға оқытушы, Қазақстан-Американдық еркін университеті, Максим Горький 76 көшесі, Өскемен қ., Қазақстан. liza.katanova.1986@mail.ru

Информация об авторах:

Аликанова Э.А. – магистр, сениор-лектор, Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, ул. 30-й Гвардейской дивизии 34, г. Усть-Каменогорск, Казахстан. elvira_pip@mail.ru

Чункурова З.К. – автор-корреспондент, магистр, старший преподаватель, Казахстанско-Американский свободный университет, ул. Максима Горького, 76, г. Усть-Каменогорск, Казахстан. shonova_zarina@mail.ru

Шефер Н.М. – к.п.н., профессор, Казахстанско-Американский свободный университет, ул. Максима Горького 76, г. Усть-Каменогорск, Казахстан. Nadezhda090@mail.ru

Катанова Е.Т. – магистр, старший преподаватель, Казахстанско-Американский свободный университет, ул. Максима Горького, 76, г. Усть-Каменогорск, Казахстан. liza.katanova.1986@mail.ru

Information about the authors:

Alikanova E.A. – Master, Senior Lecturer, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, 34 30th Guards Division St., Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. elvira_pip@mail.ru

Chunkurova Z.K. – Corresponding Author, Master, Senior Lecturer, Kazakh-American Free University, 76 Maxim Gorky St., Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. shonova_zarina@mail.ru

Shefer N.M. – Cand. Sc. (Pedagogy), Prof., Kazakh-American Free University, 76 Maxim Gorky St., Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. Nadezhda090@mail.ru

Katanova Ye.T. – Master, Senior Lecturer, Kazakh-American Free University, 76 Maxim Gorky St., Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. liza.katanova.1986@mail.ru